**Астана қаласы әкімдігінің 2003 жылғы 22 шілдедегі N 3-1-1234қ "Жекелеген азаматтар санаттарына тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерді тұтыну шығындарының бөлігін төлеуге материалдық көмек көрсету туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Астана қаласы әкімдігінің 2006 жылғы 9 наурыздағы N 23-10-206қ Қаулысы. Астана қаласының Әділет департаментінде 2006 жылғы 11 сәуірде N 437 тіркелді. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2006 жылғы 2 карашадағы N 23-897қ каулысымен

*Ескерту: Астана қаласы әкімдігінің 2006 жылғы 2 қарашадағы N 23-897қ қаулысынан Үзінді:*

*"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Астана қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:*

*1. Астана қаласы әкімдігінің мынадай қаулыларының күші жойылды деп танылсын:*

*. . .*

*3) "Астана қаласы әкімдігінің 2003 жылғы 22 шілдедегі N 3-1-1234қ "Жекелеген азаматтар санаттарына тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерді тұтыну шығындарының бөлігін төлеуге материалдық көмек көрсету туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2006 жылғы 9 наурыздағы N 23-10-206қ қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2006 жылғы 9 наурыздағы N 23-10-206қ (Астана қаласының Әділет департаментінде 2006 жылғы 11 сәуірде N 437 болып тіркелген, 2006 жылғы 15 сәуірдегі "Астана хабары", N 50-51, 2006 жылғы 18 сәуірдегі "Вечерняя Астана" N 56 газеттерінде жарияланған) қаулысы.*

*2. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары Е.Ә.Аманшаевқа жүктелсін.*

*Әкім*

---

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Астана қаласы әкімдігінің 2003 жылғы 22 шілдедегі N 3-1-1234қ " Жекелеген азаматтар санаттарына тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерді тұтыну шығындарының бөлігін төлеуге материалдық көрсету туралы" қаулысына (Астана қаласының Әділет департаментінде 2003 жылдың 6 тамызда N 285 болып тіркелген, 2004 жылғы 9 тамыздағы N 105 "Астана хабары" ; 2003 жылғы 9 тамыздағы N 89 "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған, Астана қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 27 тамыздағы N 23-10-641қ қаулысымен енгізілген өзгеріспен Астана қаласының Әділет департаментінде 2005 жылдың 29 қыркүйегінде N 412 болып тіркелген, 2005 жылғы 13 қазандағы N 147 "Астана хабары"; 2005 жылғы 11 қазандағы N 156 "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда аталған қаулымен бекітілген жекелеген азаматтар санаттарына тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерді тұтыну шығындарының бөлігін төлеуге материалдық көмек көрсету туралы Қағидасында:

1-тармақ мына редакцияда мазмұндалсын:

"1. Тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерді тұтыну шығындарының бөлігін төлеуге (отбасы мүшелерін есепке алмай) материалдық көмек жыл бойы ай сайын тиісті қаржылық жылға (бұдан әрі - АЕК) белгіленген айлық есеп көрсеткішінен ақшалай төлем түрінде жүргізіледі және мына азаматтардың санаттарына:

1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне - 2,4 АЕК;

2) Некеге қайта тұрмаған Ұлы Отан соғысында қаза болған (қайтыс болған, хабарсыз кеткендер) жауынгерлердің жесірлеріне - 1,2 АЕК мөлшерінде беріледі. ";

2-тармақ алынып тасталсын.

2. Осы өзгеріс мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және 2006 жылдың 1 наурызынан бастап күшіне енгізіледі.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары С.С. Мұстафинаға жүктелсін.

*Әкім*

*Әкімнің бірінші орынбасары*

*Әкімнің орынбасары*

*Әкімнің орынбасары*

*Әкімнің орынбасары*

*Әкімнің орынбасары*

*Әкім аппаратының басшысы*

*"Астана қаласының Қаржы департаменті" мемлекеттік мекемесінің директоры*

*Құжаттамалық сараптама бөлімінің меңгерушісі*

*"Астана қаласының Экономика және бюджеттік жоспарлау департаменті" мемлекеттік мекемесінің директоры*

*"Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар департаменті" мемлекеттік мекемесінің директоры*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК